

ұйымының қызығушылығына ғана жауап берді. Ресми сұрақтарды шешуде педанттық және колданушылардың кәсіптік икемі ұсынылмайды. Ұжымдық басқару ұйымы керісінше үнемі мемлекеттік органмен қарым-қатынаста болады (болуы керек). Тіркеу рәсімін жеңілдету ұсынысы – 2012 жылдың шілде айында қабылданып, 44-баптың 3-тармағында күшін жойды [6]. Қазіргі Бірыңғай нотариалдық ақпараттық жүйенің (БНАЖ) аналогиясы бойынша электрондық дерекқор құру. Ол ұжымдық басқарудың периодтық хабарлама есебінен толығып отырады. Осындай дерекқор мазмұны біріктірілген «электрондық үкіметтің» белсенді пайдаланудағы жүйесін ҚР Әділет министрлігі интеллектуалдық меншігінің құқық Комитеті бойынша интернет-ресурсқа жариялау.

Әдебиеттер тізімі:

1. Комментарий к части четвертой Гражданского кодекса Российской Федерации (поглавный) / Г.Е. Авилов, К.В. Всеволожский, В.О. Калятин и др.; под ред. А.Л. Маковского. - М.: Статут, 2008. – 225 с.
2. Халабузарь Н. Давай поделимся! // Мегаполис. - 2012. - №15 (573). - С.3-6.
3. Гаврилов Э.П. Комментарий к Закону Российской Федерации « Об авторском праве и смежных правах». - М.:Спарк, 1996. – 224 с.
4. Братусь Д.А., Туребеков С.А. Коллективное управление интеллектуальными правами: рекомендации и новеллы. // Юрист. - 2005 - №8. - С.44-47.
5. Басин Ю.Г. Правовые проблемы концентрации капитала в условиях свободного рынка и необходимости защиты публичных интересов // Он же. Избранные труды по гражданскому праву. –А.:АЮ-ВШП «Аділет», НИИ частного права КазГЮУ, 2003. – 550 с.
6. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне рұқсат беру құжаттарын қысқарту және мемлекеттік органдардың бақылау мен қадағалау функцияларын оңтайландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 10 шілдедегі Заңы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1200000036>

ДАУЛАРДЫ РЕТТЕУДІҢ ЖАҢА ТӘСІЛІ РЕТІНДЕ ПАРТИСИПАТИВТІК РӘСІМ

*Асмагамбетова С., заң факультетінің 3-курс студенті, Академик Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды мемлекеттік университеті
(Ғылыми жетекші – Мұлықбаева Ш.Р., з.ғ.м., азаматтық және
еңбек құқығы кафедрасының аға оқытушы)*

2016 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасының жаңа Азаматтық процесстік кодекс қолданысқа енгізілді. Қазақстан Республикасының (әрі қарай –ҚР) жаңа Азаматтық іс жүргізу кодексінде сот ісін жүргізу тәртібін реттейтін жеткілікті жаңа нормалар қабылданды. Солардың бірі дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу процедурасы болып табылады. Аталмыш процедураны ҚР Азаматтық процесстік кодексіне енгізе отырып, азаматтардың конституциялық құқықтарын және бостандықтарын сотпен тиімді қорғауды қамтамасыз ету үшін азаматтық іс жүргізу заңнамасын жетілдіру мақсатында қабылдаған. Қолданысқа енгізілген ҚР Азаматтық процесстік кодексінде, тараптарды бітімгерлікке келуге ықпал етуге басымдылық берілген. Соның нәтижесінде сот, тараптарды татуластыру үшін барлық шараларды қолданады және процесстің барлық сатысында дауларды реттеуге ықпал етеді. Партисипативтік рәсімнің бұл орайда атқаратын ролі өте маңызды. Дауды партисипативтік рәсім тәртібінде реттеу, бұл біздің процессуалдық құқықтағы мүлде жаңа институт және бұл процедура тікелей кәсіби адвокаттардың қатысуымен өтеді. Дауды реттеудің мұндай тәсілі азаматтық сот өндірісін жеңілдетіп қана қоймай сонымен қатар дауды бейбіт жолмен реттеуге септігін тигізеді. Партисипативтік рәсім тәртібін енгізу процесстегі адвокаттың ролін арттырады.

«Participative» термині француз тілінен аударғанда «қатысады, қатыса алады» деген мағынаны білдіреді. 2010-2011жж. Франция мемлекетінде дауларды шешудің баламалы тәсілдері жөнінде, соңғы ең ірі реформа болып өтті. Осы реформа нәтижесінде француз-құқықтық жүйесінде келесідей дауларды шешу тәсілдері орнықты: келіссөздер, медиация, консилиация (келісу процедурасы), арбитражды сот және партисипативтік рәсім. Франция партисипативтік рәсім тәжірибесін, Солтүстік Америкада орныққан «коллоборативті құқықтан» және Канада

мемлекетіндегі «партиципативтік әділет» атты құқық институттарынан бастау алды. Францияда бұл тәсіл алғаш рет Серж Гиншардың басшылығымен ұсынылған «Бейбіт сот төрелігіне ұмтылу» атты баяндамасында көрініс тапты [1].

Партиципативті рәсім үш кезеңнен тұрады:

Бірінші кезең – талап арыз бойынша тараптардың өз ұсыныстарын ұсынуы, мұнда ұсыныстар әрбір тараппен жеке не топпен талқыланып, бірлесіп ұсынылуы мүмкін.

Екінші кезең – дау туған жағдайда немесе талап арыз беру нәтижесінде пайда болған мәселелерді, баламалы әдіспен шешу жолын әзірлеу. Ұсынуға қарағандағы әзірлеудің айырмашылығы, тараптардың дау барысында туындаған мәселелерді шешу жолының әрбір нұсқаларын, нақты егжей-тегжейлі сонымен қатар артықшылықтары мен кемшіліктерін қарастыруы.

Үшінші кезең – барлық ұсынылған нұсқалардың ішінен, ең тиімді баламалы тәсілін таңдау. Тиімді болған жағдайда, тараптармен таңдалған нұсқа жазбаша келісімде көрсетіле отырып, екі тараптың келісім жасасу жолымен аяқталады. Партиципативті рәсінде көрініс тапқан «көп нұсқалық» және «жеке белсенді қатысу» қағидасы негізінде, дауларды шешудің мынадай баламалы процедуралары қарастырылады: гарвард жүйесі бойынша келіссөздер жүргізу, медиация, татуласу. [2] Яғни, тараптардың өз күш-жігерлеріменен дауларды шешудің өзара тиімді нұсқасын іздеу болып табылады. Партиципативті рәсімнің қолданылу аясы болып заңда өзгеше көрсетілмесе, көпшілік құқықтық дауларды қоспағанда заңды тұлғалар мен жеке тұлғаның қатысуымен қарастырылатын азаматтық, отбасылық, еңбектік және өзге де қатынастардан туындайтын азаматтық-құқықтық даулар табылады.

Азаматтық процесте партиципативті рәсім – екі тараптың да адвокаттарының дауды реттеуге жәрдемдесуімен тараптар арасында келіссөздер жүргізу арқылы судьяның қатысуынсыз өткізіледі. Азаматтық іс қаралған кезде сот кеңесу бөлмесіне кеткенге дейін тараптар дауды партиципативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы өтініш беруге құқылы. Партиципативтік рәсім мәнінің күшіне осы рәсімге қатыспайтын үшінші тұлғалардың немесе іс әрекетке қабілетсіз деп танылған тұлғалардың мүдделерін қозғайтын немесе қозғауы мүмкін даулар бойынша, сондай-ақ тараптардың бірі мемлекеттік орган болып табылатын даулар бойынша қолданылмауы тиіс. Істі қарастыратын судья (сот құрамы) дауды партиципативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісімнің мазмұнын тексереді және оны бекіту және іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы ұйғарым шығарады [3, 93]. Партиципативтік рәсім кезінде дауды реттеу тараптардың өздерінің және олардың адвокаттарының белсенді қатысуы кезінде жүзеге асырылады.

Партиципативті рәсімнің тараптары болып заңды тұлға және жеке тұлға қарастырылады. Партиципативті рәсімнің мақсаты болып:

- екі жақ тараптың тиімді шешімге келуі;
- он күн жұмыс ішінде дауды тез, әрі тиімді жолмен шешу;
- екі жақ тараптың материалдық шығындарын азайту;
- тараптардың келіспеушілік деңгейін төмендету, сонымен қатар тараптар арасында тұрақты қарым-қатынас қалыптастыру;

- қоғамдағы құқықтық мәдениетті қалыптастыру және халықаралық деңгейде келіссөздер нәтижесінде іскерлік беделді көтеру;

- сот өндірісін жеңілдету;

Партиципативті рәсім келесі қағидалар бойынша жүзеге асырылады:

- заңдылық;

- екі жақ тараптың еріктілігі;

- келіссөздер жүргізу барысында тараптардың теңдігі;

- өзге де тұлғалардың партиципативті рәсімге араласуына жол бермеу;

Заңдылық қағидасы, іске қатысушы барлық тұлғалардың іс бойынша қабылдаған шешімдерінің заңды, әрі құқыққа сыйымды болуы негізінде жүзеге асырылады. Еріктілік қағидасы деп - екі жақ тараптың сотқа тең дәрежеде ерік білдіруі, яғни сотқа ықтиярлы түрде жазбаша мәлімдеме жасауы, өздерінің материалдық және процессуалдық құқықтарын ерікті түрде жүзеге асыруы және сот өндірісінің кез-келген сатысында келіссөзден бас тартуы болып табылады. Келіссөздер жүргізу барысында тараптардың теңдігі қағидасы бойынша, әрбір тарап өзіне тиесілі құқықтарды қорғауды өз қалауынша жүзеге асырады және өз ұстаным білдірумен қатар, реттеу құралдарын таңдауда тең құқықтарды пайдаланады. Яғни, ешбір тарапқа артықшылықтар берілмейді. Партиципативті рәсім кезінде ешбір үшінші не болмаса өзге де тұлғаларға рәсімге араласуға, келіссөз жүргізуге қатысуға, іс бойынша мәлімдеме жасауға жол берілмейді. Партиципативті рәсімге қатысушы тараптардың құқықтары:

адвокаттарды өз еркімен, өз қалауы бойынша рәсімге қатысуға таңдау;
рәсімге қатысушы адвокаттан бас тарту;
partisипативті рәсімге қатысуға кез-келген уақытта бас тарту;
partisипативті рәсімге өзі немесе өз атынан сенімхат негізінде өкілдік етушінің қатысуы;
partisипативті рәсіммен келісілген талаптар орындалмаған жағдайда,
мәжбүрлеу шаралын қолдану жөнінде сотқа жүгінуге құқылы.

Partисипативті рәсім барысында тараптар қол жеткізген бітімгершілік келісім, жазбаша нысанда жасалады, және оған тараптар немесе олардың өкілдері оларда сенімхатта арнайы көзделген татуласу келісімін жасауға өкілеттіктері болған кезде қол қояды. Татуласу келісімі оларды орындау мерзімі мен тәртібі көрсетіле отырып, тараптар келіскен шарттарды қамтуға тиіс. Татуласу келісімін кейінге қалдыру шартымен жасауға жол берілмейді. Татуласу келісімінде кейінге қалдыру немесе ұзарту мерзімдері көрсетіле отырып, жауапкердің міндеттемелерді орындауын кейінге қалдыру немесе ұзарту, талап ету құқығын басқаға беру, борышты толық немесе ішінара кешіру не мойындау, сот шығыстарын бөлу, татуласу келісімін мәжбүрлеп орындау туралы шарттар және заңға қайшы келмейтін өзге де шарттар қамтылуы мүмкін. Егер татуласу келісімінде сот шығыстарын бөлу туралы шарт болмаса, олар өзара өтелді деп есептеледі. Татуласу келісімі татуласу келісімін жасасқан тұлғалардың санынан бір дана артық жасалады және оған қол қойылады. Татуласу келісімін бекіткен сот осы даналардың біреуін іс материалдарына қоса тіркейді. Сот тараптардың татуласу келісімін бекіту туралы өтінішхатын сот отырысында қарайды. Іске қатысатын адамдар сот отырысының өтетін уақыты мен орны туралы хабарландырылады. Сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарландырылған тараптар сот отырысына келмеген және өтінішхатты олардың қатысуынсыз қарау туралы арыз болмаған жағдайда, сот татуласу келісімін бекіту туралы өтінішхатты қарамайды. Сот татуласу келісімін жасаудың құқықтық салдарын ол бекітілгенге дейін тараптарға түсіндіреді. Сот қарау нәтижелері бойынша татуласу келісімін бекіту және іс бойынша іс жүргізуді тоқтату не татуласу келісімін бекітуден бас тарту туралы ұйғарым шығарады. Егер татуласу келісімі заңға қайшы келсе немесе басқа да тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзса, сот оны бекітпейді. Сот татуласу келісімін бекітуден бас тартқан жағдайда бұл туралы ұйғарым шығарады, ол шағым жасауға және наразылық білдіруге жатпайды. Ұйғарыммен келіспеу туралы уәждер апелляциялық шағымда көрсетілуі мүмкін. Соттың татуласу келісімін бекіту туралы ұйғарымында:

- татуласу келісімін бекіту және іс бойынша іс жүргізуді тоқтату;
- татуласу келісімінің шарттары және оны орындау мерзімдері;
- ҚР Азаматтық процестік кодексінің төртінші бөлігіне сәйкес сот шығындарын бөлу;
- талап қоюшы төлеген мемлекеттік бажды оған бюджеттен қайтару көрсетіледі.

Сот актісін орындау сатысында жасалған татуласу келісімі сот актісі орындалатын жердегі бірінші сатыдағы соттың немесе көрсетілген сот актісін қабылдаған соттың бекітуіне ұсынылады. Татуласу келісімін бекіту туралы ұйғарымға апелляциялық сатыдағы сотқа шағым жасалуы және наразылық білдірілуі мүмкін. Татуласу келісімін оны жасасқан тұлғалар осы келісімде көзделген тәртіппен және мерзімдерде ерікті түрде орындайды. Ерікті түрде орындалмаған татуласу келісімі татуласу келісімін жасасқан тұлғаның өтінішхаты бойынша сот берген атқару парағының негізінде мәжбүрлеп орындатуға жатады. [3, 95]

Дауды partisипативті рәсім тәртібімен реттеу үрдісін Батыс Еуропа мемлекеттерімен салыстырар болсақ, мәселен, Франция мемлекетінде дауды шешудің бұл түрі еңбектік, сонымен қатар ажырасу және ерлі-зайыптылардың бірлескен меншігін бөлу туралы дауларда қолданылмайды. Біздің мемлекетте керісінше, еңбектік дауларды шешу сонымен қатар заңда өзгеше көзделмесе даулардың барлық түріне partisипативті рәсімді қолдануға жол беріледі. Дауды partisипативті рәсім тәртібімен реттеу үрдісінің басқаларға қарағандағы артықшылығы, кәсіби адвокаттардың тараптарға білікті заң көмегін көрсетуі, келіссөздер жүргізу барысында келісім мәтінін Заңға сәйкесінше етіп дайындауы болып табылады. Яғни, адвокат өзіне сенім білдіріп келген тұлғаның барлық болуы болмауы мүмкін құқықтық зардаптарын ескеруге міндетті. Мұның нәтижесінде, тараптар арасындағы наразылық азаяды, соттардың жұмысын жеңілдетуге мүмкіндік береді. Partисипативті процедура халықтың құқықтық мәдениетін қалыптастырады, сондай-ақ көптеген судьялардың пікірінше, сот жүйесіндегі жүктемені және сот процессіне қатысушылардың санын азайтуға септігін тигізеді. Жаңа институт ерікті, екі жақтық құқықтық теңдік, тәуелсіз және судьялардың әділдігі, заңдылық және адвокаттың кәсібилігі негізгі жүйесінде өткізіледі.

Күні кеше қабылданған жаңа Азаматтық процестік кодекстің негізгі іргетасы судьялардың VI съезінде қаланған болатын. Азаматтық процестік кодекс толығымен «100 нақты қадам – баршаға

арналған қазіргі заманғы мемлекет» Ұлт жоспарында қарастырылған шараларды іске асыруды көздейді. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев судьялардың VI съезінде соттар қызметінің заңнамалық және процессуалдық нормаларын жүйелі түрде жетілдіру маңыздылығын, азаматтық сот өндірісін жаңғырту қажеттігін, азаматтық істерді қарау тәртібі процестің тараптары үшін ыңғайлы және тез, оларды бітістіруге және заманауи технологияны кең қолдануға бағытталуы тиіс екендігі жайлы айтып өтіп, Үкіметке Жоғарғы Сотпен бірлесіп жаңа Азаматтық іс жүргізу кодексі жобасын әзірлеуін тапсырған болатын [4] Азаматтық дау-дамайлардың көбеюі, судьялар жүктемесінің өсуі, істерді жедел қарау тетіктерінің ескерілмеуі кодексті жаңартудың қажеттілігін тудырған болатын. Жоғарғы Сот жаңа кодексті барлық талаптарға сай дайындау барысында сот саласында еңбек ететін судьялардың да тәжірибелері, пікірлері, ұсыныстары шетте қалмады [5] Сонымен қатар сот тәртібінде қарауға жататын даулар санын қысқарту, оларды шешудің баламалы тәсілдерін енгізу, отандық сот төрелігін қалпына келтіру мүмкіндігін беретін татуласу рәсімдерін және медиацияны дамыту маңыздылығын атап көрсеткен болатын. Осыған орай, кодексте алға қойылған міндеттерді орындауда дауларды реттеудің соттан тыс және сотқа дейінгі тәртібіне, соттағы татуласу рәсімдеріне көңіл бөлінді. Істердің жеке санаттары бойынша дауларды сотқа дейін реттеудің міндеттілігі көзделген. Кез-келген дауларды шешудің ең дұрыс қарастырылған жолы — тараптарды бітімгерлікке келтіру болып табылады. Қолданыстағы Азаматтық процестік кодексінде бітімгерлік шараларына жеке тарау арналған. Азаматтық сот өндірісі аясында тараптар өзара талаптарын бітімгерлік келісім бекітумен, медиация тәртібінде дауларды реттеу туралы келісім немесе партисипативтік рәсім тәртібінде дауларды реттеу туралы келісім толық ауқымда болмаса ішінара реттей алады. 2016 жылдың 1-ші қаңтарынан қолданысқа енген жаңа Азаматтық процестік кодекс соттардың қарауындағы істерді оңтайландырып, оның тиімділігін арттыратынын, қазақстандық сот жүйесіндегі жаңа бағытты, ашықтық пен қолжетімділікке бастайтын бірден-бір заңнама болатынына сеніміз мол.

Әдебиеттер тізімі:

1. <http://kazgazeta.kz>
2. <http://advokatura.kz/partisipativnye-protsedury/>
3. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі: - Алматы: ЖШС «Издательство Норма-К», 2015. – 224-б.
4. <http://www.kst.adilet.gov.kz/ru/articles-inner/chto-takoe-partisipativnaya-procedura>
5. http://www.rusnauka.com/6_PNI_2016/Pravo/9_207570.doc.htm

К ВОПРОСУ О ГОСУДАРСТВЕННОЙ РЕГИСТРАЦИИ ПРАВ НА НЕДВИЖИМОЕ ИМУЩЕСТВО И СДЕЛОК С НИМ

Канатина А.Е., магистрант юридического факультета, КарГУ им. академика Е.А.Букетова

Государственная регистрация прав на недвижимое имущество и сделок с ним (далее – государственная регистрация) является обязательной процедурой признания и подтверждения государственного возникновения изменения или прекращения прав (обременения прав) на недвижимое имущество и иных объектов государственной регистрации в правовом кадастре в порядке и сроки, установленные Законом РК «О государственной регистрации прав на недвижимое имущество и сделок с ним» [1].

Система государственной регистрации прав на недвижимое имущество действует в Казахстане с 1997 года – с момента создания регистрирующих органов, которые являются официальным инструментом, посредством которого регистрируются и приобретают юридическую силу сделки с недвижимостью и соответствующие права на нее. Следует отметить, что с введением системы регистрации существенно повысилась степень надежности владения недвижимостью за счет четкого определения и предоставления юридического основания на право владения недвижимым имуществом и совершения сделок с ним, что способствовало привлечению в эту сферу долгосрочных инвестиций.

По мнению К.М.Ильясовой, система регистрации в Казахстане характеризуется смешением регистрации сделок с недвижимостью и регистрации прав на недвижимое имущество и имеет явный характер, то есть осуществляется по заявлению правообладателя или уполномоченного